

Мұғалімдік мамандығын таңдауға әсер еткен өзімнің ұстаздарым!

(мектеп түлектерінің бейне сұхбаты)

Уразымбетова Тұрсынай

Е.А Бөкетов атындағы Университеті, 4 курс

Менің атым Тұрсынай. 9 мектеп-лицейінің 2019 ж. үздік, яғни Алтын белгіге бітірген түлегімін. Қазіргі таңда академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Математика және ақпараттық технологиялар факультетінің 4 курс студентімін. Мен болашақ Математика пәнінің мұғалімімін. Негізі әрбір оқушы үшін мамандық таңдау оңай дүние емес. Өмір бойы таңдаған мамандығыңмен жұмыс істейсің, сондықтан өз қалауыңызбен таңдау жасаған дұрыс. Мен үшін мамандық таңдау аса қиын болған жоқ. Себебі, жанымда кеңес бере білген жақындарым мен құрметті ұстаздарым болды. Менің үлкен өмірге стартым бола білген мектебім маған тек білім бермей, мені жан-жақты дамытып, көптеген жерлерге жарыстарға, ғылыми жоба, дебаттарға қатыстырды. Мұғалімдік өмірдің қиындықтарын сырттай көрсем де, бәрібір Менің махаббатымды ашты. Лицейімнің мұғалімдеріне алғысым шексіз. > Парида Абдрамановна: Әр оқу жылында біз педагогикалық практикадан өтіп жатырмыз. 2022 жылы қаңтар айында мен практиканы Қарағанды қаласының Әл-Фараби атындағы гимназиясында өттім. Басында пандемияға байланысты қашықтықтан сабақ өттік, сосын мектепке барып, оқушыларды көріп, шынайы мұғалімдік өмірді сезіне алып, сабақ бердім. Мектепте мұғалімдерімнің қалай сабақ бергенін еске түсіріп, сол методикаларды пайдаланып сабақ өттім. Актриса болуды жәйлап үйрене бастадым. Қиындықтар болды, бірақ мен өзім осы мамандыққа келгендіктен, соңына дейін барамын деп шештім.

Әр оқу жылында біз педагогикалық практикадан өтіп жатырмыз. 2022 жылы қаңтар айында мен практиканы Қарағанды қаласының Әл-Фараби атындағы гимназиясында өттім. Басында пандемияға байланысты қашықтықтан сабақ өттік, сосын мектепке барып, оқушыларды көріп, шынайы мұғалімдік өмірді сезіне алып, сабақ бердім. Мектепте мұғалімдерімнің қалай сабақ бергенін еске түсіріп, сол методикаларды пайдаланып сабақ өттім. Актриса болуды жәйлап үйрене бастадым. Қиындықтар болды, бірақ мен өзім осы мамандыққа келгендіктен, соңына дейін барамын деп шештім.

